

Жолдарды жобалаудың, салудың, жөндеудің, күту мен басқарудың нормативтік, жобалық және техникалық құжаттамасын жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде келісу және бекіту ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 4 сәуірдегі N 267 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 457 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.06.2015 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы 1996 жылғы 15 шілдедегі Заңының 24-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. Қоса беріліп отырған Жолдарды жобалаудың, салудың, жөндеудің, күту мен басқарудың нормативтік, жобалық және техникалық құжаттамасын жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде келісу және бекіту ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы » 4 сәуірдегі
N 267 қаулысымен
бекітілген

Жолдарды жобалаудың, салудың, жөндеудің, күту мен басқарудың нормативтік, жобалық және техникалық құжаттамасын жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде келісу және бекіту ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жолдарды жобалаудың, салудың, жөндеудің, күту мен басқарудың нормативтік, жобалық және техникалық құжаттамасын жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде келісу және бекіту ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының " Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы " 1996

жылғы 15 шілдедегі және " Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі заңдарына с ә й к е с ә з і р л е н д і .

Ереже жолдарды жобалау, салу, жөндеу, күту мен басқарудың нормативтік, жобалық және техникалық құжаттамасын (бұдан әрі - құжаттама) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде келісу және бекіту тәртібін белгілейді және автомобиль жолдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасында сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында бекітілген мемлекеттік нормативтердің (бұдан әрі - мемлекеттік нормативтер) талаптары ескеріле отырып ә з і р л е н д і .

2. Ережені жолдарды жобалаудың, салудың, жөндеудің, күту мен басқарудың нормативтік, жобалық және техникалық құжаттамаларын әзірлейтін жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - әзірлеуші) қолданылады.

3. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде келісуге және бекітуге жататын құжаттама адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ететін талаптарды қамтиды.

2. Құжаттаманы келісу және бекіту тәртібі

4. Әзірлеуші жол қозғалысы қауіпсіздігі жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) құжаттаманы келісуге ұсынады.

5. Уәкілетті орган құжаттаманы қарау мен келісуді 20 (жиырма) күнтізбелік күн і ш і н д е жү р г і з е д і .

6. Жобалық құжаттаманы келісу»"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен осы құжаттама мемлекеттік сараптамадан өткенге дейін жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

7. Жобалық құжаттама мемлекеттік нормативтердің талаптары ескеріле отырып к е л і с у г е ұ с ы н ы л а д ы .

8. Қарау қорытындылары бойынша уәкілетті орган ұсынылған құжаттаманы келіседі не оны келісуден бас тартады.

Құжаттаманы келісуден бас тартылған жағдайда уәкілетті орган бас тарту себептерін көрсете отырып, бұл туралы әзірлеушіні жазбаша хабардар етеді.

Құжаттаманың мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкессіздігі бас тарту негіздемесі болып табылады.

Әзірлеуші бас тартумен келіспеген жағдайда ол заңнамада белгіленген тәртіппен уәкілетті органның әрекетіне шағымдануға құқылы.

9. Әзірлеуші келісуден бас тарту себептерін жойғаннан кейін материалдар қайта келісуге жіберіледі. Қайта келісу 10 (он) күнтізбелік күннен аспайтын

мерзімде жүргізіледі.

10. Бекітілген негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерге өзгерістер (толықтырулар) енгізілетін құжаттама осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген мерзімде келісуге жатады.

11. Құжаттаманы құзыретіне осындай құжаттаманы бекіту кіретін тиісті мемлекеттік органдар ол ұсынылған күнінен бастап 10 (он) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде мемлекеттік нормативтерде белгіленген тәртіппен бекітеді.

12. Жобалық құжаттаманы бекіту жобаларға мемлекеттік сараптама жүргізілгеннен кейін жүзеге асырылады.

13. Нормативтік және техникалық құжаттаманы бекіту оны келіскеннен кейін жүзеге асырылады.